

Г.М. Смагулова, Н.А. Оразалиев*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: gylnara2005@mail.ru, nurdos.oraliev@mail.ru)

Орталық Азия және Қытай: жаһандану жағдайындағы экономикалық ынтымақтастық

ҚХР үшін Орталық Азия аймағы өзінің геосаяси жағдайына, айтарлықтай әркелкі табиғи ресурстар қорының бар болуына байланысты үлкен қызығушылық танытады және аталған аймақ қытай тауарлары үшін болашағы бар нарық көзі болып саналады. Қазіргі кезеңде Орталық Азия мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастардың дамуы оң динамикаға ие және ҚХР ынтымақтастық бағыттарының кең спектрі бойынша аймақтың негізгі серіктестерінің бірі болып саналады. Мақалада Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы халықаралық сауда және тікелей шетел инвестициясы салаларындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары қарстырылған. Авторлар мәліметтер келтіріп, Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерінің сауда және инвестиция саласындағы байланыстардың динамикасына талдау жасаған. Сонымен бірге, авторлар Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің ұлттық мүдделері тұрғысынан Жібек жолының Экономикалық белдеуі аталатын қытайлық бастаманың болашағына назар аударады.

Кілт сөздер: ҚХР, Орталық Азия, экономикалық ынтымақтастық, жаһандану, сыртқы саясат, «С+С5» ынтымақтастықтың жаңа форматы, «Бір жол-бір белдеу» бастамасы, интеграция, энергетикалық қауіпсіздік.

Kipicne

Посткеңестік кеңістік бірқатар мемлекеттер, соның ішінде көршілес мемлекеттермен қоса аймақтан тыс орналасқан мемлекеттер үшін геостратегиялық қызығушылыққа ие. Осы тұрғыдан алғанда, өзінің шекарасында бірнеше тәуелсіз мемлекеттер пайда болған Қытай Халық Республикасы жаңа тарихи жағдайға тап болды. Әлемдік аренадағы Қытайдың экономикалық ұстанымдарының нығаюы ҚХР-ын жаңа шикізат және өтім нарықтарын іздестіруге итермеледі. Сондықтан, Қытайдың посткеңестік кеңістікке, соның ішінде Орталық Азияға деген қызығушылығы заңды құбылыс болды.

Қытайдың Орталық Азияға қызығушылық танытуының себептерін келесі жағдайлармен анықтауға болады:

1) Орталық Еуразиядағы жағдайға кең түрде бақылауға ие болу, себебі Орталық Азия аймағының геосаяси артықшылығы Қытайдың Таяу Шығысқа, Оңтүстік Азия мен Кавказға ықпалын таратуға және Ауғанстандағы жағдайға бақылау орнатуға мүмкіндік береді;

2) Әсте-ақырын АҚШ-ты Азия континентінен шығару;

3) Экономика саласын дамыту үшін географиялық кеңістікті ұлғайту, посткеңестік кеңістіктің нарығын қытай тауарлары үшін қолжетімді ету;

4) Жаңа энергетикалық шикізатқа ие болу, стратегиялық маңызы бар табиғи ресурстарға қол жеткізу.

Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынас орнатуға деген қызығушылығы барлық посткеңестік кезең барысында байқалады. «Шанхай бестігінің», одан соң Шанхай ынтымақтастық ұйымының пайда болуы Орталық Азия мемлекеттері мен Қытайдың қауіпсіздік саласы мен терроризммен күресу бойынша ынтымақтастықты қамтамасыз етті. Соңынан, «Бір жол — бір белдеу» бастамасы аймақтағы Қытайдың барлық экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларын бір «шатырдың» астына біріктіруге мүмкіндік берді.

АҚШ-тың Орталық Азия аймағына деген қызығушылығының өсуі және 2015 ж. қыркүйекте «С5+1» (Орталық Азия және АҚШ диалогының жаңа форматы) 2020 ж. «С+С5» (Қытай және Орталық Азия мемлекеттері) диалогының пайда болуының бірден-бір себебіне айналды. Қытайда «С+С5» форматындағы бірінші кездесу барысында аталған диалогтың пайда болуын жаһандық экономикалық орталықтың Азияға ауысқанымен және әлемдік саясатта Орталық Азия аймағы

* Копреспондент автор. E-mail: nurdos.oraliev@mail.ru (Н.А. Оразалиев)

маңыздылығының өсуімен түсіндіреді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі кезеңдегі Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы экономика саласындағы ынтымақтастықты зерттеу үлкен қызығушылық тудырады.

Зерттеу әдістері

Мәселені зерттеу барысында қолданылған салыстырмалы талдау әдісі Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерінің ынтымақтастығының деңгейін және оның даму тенденциясын анықтауға, ынтымақтастықтың мазмұнындағы сапалы өзгерістерді атап көрсетуге мүмкіндік берді. Саяси-сипаттау әдісі орталық-азиялық аймақтағы мемлекеттердің сыртқы саясатының фактологиялық мазмұнын зерттеу барысында қолданылды. ҚХР-ның сыртқы саясатындағы Орталық Азияның алатын орнын анықтау барысында және аймақтағы халықаралық қатынастарға талдау жүргізуде жүйелік әдісі қолданылды.

Мәселені талқылау

2013 ж. қыркүйекте Еуразиядағы Қытайдың сыртқы экономикалық қызметін белеңдетуге арналған «Жібек жолының Экономикалық белдеуі» аталатын жаңа бағдарлама жарияланған болатын. Бұл жоба экономикалық ынтымақтастықтың әртүрлі жолдары арқылы Орталық, Шығыс, Оңтүстік және Батыс Азияны біріктіруді көздейді. Аталған жобаға сәйкес Қытай аймақтағы өзінің экономикалық экспансиясын келесі бағыттар бойынша жүргізуді көздеп отыр:

- 1) аймақтық экономикалық интеграцияны дамыту;
- 2) Тынық мұхитынан бастап Балтық теңізіне дейінгі транспорттық магистральды қамтитын бірыңғай транспорттық желі құрылысын қарқындету;
- 3) сауда айналымының көлемін ұлғайту және инвестициялық ынтымақтастықты дамыту;
- 4) сауда барьерлерін төмендету және жою, бюрократиялық рәсімдерді жеңілдету;
- 5) ұлттық валютадағы есеп үлесін ұлғайту.

Осылайша, «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасын жүзеге асырудың іске қосылуынан бастап ҚХР-ның Орталық Азиядағы экономикалық байланысы жобалық-инвестициялық белсенділіктің, соның ішінде шикізат көздері, транспорттық және тұрбақұбыры жобалары, дайын өнім тасымалын ұлғайтудың есесінде іске асырылады.

Жібек жолының экономикалық белдеуі қомақты қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген және мұның айғағы ретінде Жібек жолы қоры мен Инфрақұрылымдық инвестициялардың азиялық банкі бола алады. Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы сауда айналымында Қытайдың үлесі айтарлықтай өскенін 1-кестеден көруімізге болады:

1 - кесте

2010–2015 жж. аралығындағы қытай мәліметтері бойынша ҚХР-ның Орталық Азия мемлекеттерімен сауда операциялары (млн дол.)

Жыл-дар	Барлық мемлекеттер	Қазақстан		Қырғызстан		Өзбекстан		Тәжікстан		Түркменстан	
		экспорт	импорт	экспорт	импорт	экспорт	импорт	экспорт	импорт	экспорт	импорт
2010	30.093,3	9.320,9	11.080,7	4.127,8	71,9	1.181,1	1.300,5	1.376,6	56,2	525,3	1.044,5
2011	39.643,0	9.566,1	15.386,3	4.878,3	98,1	1.359,3	807	1.996,8	72,01	785,9	4.693,2
2012	45.943,4	11.001,7	14.675,1	5.073,5	88,96	1.783,1	1.091,6	1.747,9	108,8	1.699,3	8.673,4
2013	50.275,7	12.545,9	16.048,5	5.075,4	62,27	2.613,2	1.937,7	1.869,3	88,75	1.141,6	8.893,3
2014	45.020,0	-	22.450,0	-	5.300	-	4.280	-	-	-	10.470
2015	32.603,0	5.840,0	8.427,0	4.285	57,0	2.236,0	1.266	1.797	50,0	817	7.828

Дерек: Данные китайской таможни. <http://ozs.mofcom.gov.cn>

2013 ж. қыркүйекте Си Цзиньпиннің турнесі барысында атап көрсетілген Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасына берілген қытайлық инвестицияның айтарлықтай өсу тенденциясы да назар аударарлық (2-кесте). Бұл тенденция, әсіресе, 2014–2016 жж. Орталық Азия мемлекеттерінің «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасына қатысуы тәжірибелік деңгейге көшуі барысында байқалды [1; 109].

Си Цзиньпиннің іс-сапары барысында уәде етілген инвестиция соммасы

Мемлекеттер	Инвестициялар (млрд дол.)	Ынтымақтастық саласы
Қазақстан	30	Энергетика, транспорт, құрылыс, ауыл шаруашылығы
Қырғызстан	3	Электроэнергетика, транспорт, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы
Түркменстан	10	Энергетика, газ барлау және өңдеу, транспорт, инфрақұрылым
Өзбекстан	15	Энергетика, газ барлау және өңдеу, жоғары технология саласында бірлескен кәсіпорындарын құру, транспорт, ауыл шаруашылығы
Барлығы	58	

Дерек: Сыроежкин К.Л. Итоги центрально-азиатского турне Си Цзиньпина // Большая Игра: политика, бизнес, безопасность в Центральной Азии. — 2013. — № 5.

Қытай Орталық Азия мемлекеттерімен мұнай мен газды өндіру, өңдеу және транспорттау, осымен қатар энергетика, құрылыс, машина жасау мен ауыл шаруашылығы, транспорттық-логистика инфрақұрылымы салалары бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыруда.

Мысалы, мұнай-газ саласы бойынша Орталық Азия мемлекеттерімен бірлескен ірі жобалардың бірі — Қазақстан және Қытай мұнай құбырының құрылысы саналады. «Атасу — Алашанькоу» мұнай құбыры 2005 ж. жұмысқа қосылды және оның ұзындығы 965,1 км құрап, жобаның қуаты жылына 20 млн.тоннаны құрады. Батыс Қазақстан мен Ақтөбе облысынан Қытай нарығына баратын мұнайды қамтамасыз ету үшін 2009 ж. ұзындығы 794 км құрайтын және қуаты жылына 20 млн тонна мұнайды шығаратын «Кенкияк-Құмкөл» мұнай құбыры салынды. Қазіргі уақытта аталған мұнай құбырларының қуатын арттыру шаралары бойынша жұмыс атқарылып жатыр. 2019 ж. Қазақстаннан Қытайға экспортталған мұнайдың көлемі 10,88 млн. т. құрады, ал мұнай экспортының ең жоғарғы шыңы 2013 ж. 11,3 млн т құраған болатын [2].

Келесі бір үлкен жоба — бұл Түркменстаннан Қытайға шығатын магистральды газ құбыры болып саналады. «Түркменстан-Қытай» газ құбыры төрт А, В, С және D желілерінен тұрады. А, В және С желілері Түркменстан, Өзбекстан және Қазақстан территориялары арқылы өтеді және В, В желілері 2009–2010 жж., ал С желісі 2015 ж. іске қосылды.

Қазіргі уақытта Түркменстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан территориялары арқылы өтетін және ұзындығы 966 шақырымды құрайтын газ құбырының төртінші D желісінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл құрылыс аяқталған соң және D желісі іске қосылғаннан кейін «Орталық Азия-Қытай» газ транспорты жүйесінің қуаты жылына 85 млрд м³ газды құрауы мүмкін. 2019 ж. Орталық Азиядан Қытайға экспортталған табиғи газдың көлемі жылына 47,9 млрд м³ құраған [3].

Қытай мұнай-газ компаниялары кен орындарын өңдеуге лицензиялары бар компаниялардың үлестерін сатып алу, геологиялық барлау жұмыстарына қатысу, газ және мұнай өңдейтін кәсіпорындардың құрылысына қатысу жолдары арқылы Орталық Азия нарығындағы өзінің араласуын айтарлықтай нығайтып алды. Мысалы, 2019 ж. Қытай компаниясы China General Technology Holding ЖШС «СарыарқаАвтоПром» автоқұрылысының 51 % акциясын 560 млн дол. сатып алған [2].

Осымен бірге, 2019 ж. Қазақстан мен Қытай арасында машина жасау, ауыр және металлургия өнеркәсібі құрылысы саласында жалпы соммасы 27,6 млрд дол. құрайтын 55 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жөнінде келісімге қол қойылды.

2017 ж. CNPC Қытай компаниясы 190 млн.долларға АҚ «Өзбекмұнайгаз» акциясының 50 %-ын сатып алса, 2019 ж. Anhui Conch Cement Қытай компаниясы қуаты жылына 2,2 млн т цемент өндіретін цемент зауытының құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыруға кірісті. 2019 ж. China Machinery Engineering Corporation Қытай компаниясы «Тәжік алюмин компаниясымен» жылына 300 мың т. алюмин шығару мақсатында алюмин зауытын жаңарту жөніндегі келісімшартқа қол қойған [4].

Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен сауда-экономикалық ынтымақтастығы оң динамикаға ие, осымен қоса ҚХР ынтымақтастықтың бағыттарының кең спектры бойынша орталық-азиялық аймақтың негізгі серіктесі болып саналады. Үлкен мөлшердегі несие мен инвестицияның есесіне Қытай Орталық Азия мемлекеттеріне экономикалық ықпал ету көлемін кеңейтті. Соңғы жылдары

Қытай тек қана шикізат және энергетикалы жобаларға емес, сонымен қоса химия, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, құрылыс және ауылшаруашылығына қаржы бөлуде [5].

Осымен қатар, Қытай «Бір жол — бір белдеу» бастамасының шеңберінде Орталық Азияда цифрлық экономиканы дамытуға қызығушылық танытып отыр. Орталық Азия арқылы өтетін «Цифрлық Жібек жолын» құру бірлескен цифрлық инфоқұрылымды дамытуды, бағдарламалық қамтамасыз етуді құру жөніндегі ынтымақтастықты және цифрлық экономиканы дамыту үшін органы қалыптастыруды қамтиды.

Қазіргі кезеңде, Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сауда айналымы белсенді түрде өсіп жатыр: мысалы, корона індетіне қарамастан, 2020 ж. алғашқы жеті айында темір жол маршруты арқылы тасымалданған тауарлардың көлемі 2019 ж. салыстырғанда 1,5 есеге өскен. Осымен қатар, 2020 ж. шілдесінде «Орталық Азия+Қытай» форматы бойынша алғашқы рет сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті және онда пандемия соққысы қатты әсер еткен аймақ мемлекеттері үшін экономика мен денсаулық сақтау салалары бойынша көмек беру мәселелері қарастырылды.

Қазіргі кезеңдегі Қытай және Орталық Азия мемлекеттерінің экономика саласындағы ынтымақтастығының нығаюы әсіресе сауда-экономикалық салада ерекше көрінеді. 2001 ж. бастап 2019 ж. дейін екі жақты тауар айналымының құны 1,5 млрд АҚШ долларынан 46,5 млрд АҚШ долларына өскен. Орталық Азия мемлекеттері мен Қытайдың сауда статистикасының негізінде Ресеймен берік байланысты сақтауға қарамастан, Орталық Азия мемлекеттері ҚХР-мен сауда байланыстарын көптеп нығайтуын көре аламыз.

2019 ж. қорытындылары бойынша Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы сауда айналымының көлемі 46,3 млрд долларды құраған (3, 4-кесте). Оның ішінде Қытайдың Қазақстанмен сауда айналымы — 22,0 млрд дол. (0,48 %), Түркменстанмен — 9,1 млрд дол. (0,20 %), Өзбекстанмен — 7,2 млрд дол. (0,16 %), Қырғызстанмен — 6,3 млрд дол. (0,14 %), Тәжікстанмен — 1,7 млрд дол. (0,04 %) құраған [2].

3 - кесте

2014–2019 жж. Қытай және Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы сауда айналымы (млрд.доллар)

Мемлекет	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан	22,4	14,3	13,1	18,0	19,9	22,0
Түркменстан	10,5	8,6	5,9	6,9	8,4	9,1
Өзбекстан	4,3	3,5	3,6	4,2	6,3	7,2
Қырғызстан	5,3	4,3	5,7	5,4	5,6	6,3
Тәжікстан	2,5	1,8	1,8	1,4	1,5	1,7
Басқалар	4 258,0	3 924,3	3 655,5	4 068,5	4 581,3	4 529,8
Барлығы	4 303,0	3 956,9	3 685,6	4 104,5	4 623,0	4 576,1

Дерек: Данные китайской таможни // <http://customs.gov.cn>

Қытайдан Орталық Азияға шығатын экспорттың негізгі үлесі Қазақстанға тиісті, яғни оның көлемі 48,8 % (12,7 млрд дол.) құрайды, Қырғызстанның үлесіне 24,1 % (6,3 млрд дол.), Өзбекстанның үлесіне — 19,3 % (5,0 млрд дол.), Тәжікстанның үлесіне — 6,1 % (1,6 млрд дол.), Түркменстанның үлесіне — 1,7 % (0,4 млрд дол.) тиісті.

4 - кесте

2014–2019 жж. Қытай және Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сыртқы сауданың динамикасы (млн дол.)

Мемлекет	2014		2015		2016		2017		2018		2019	
	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт
Қазақстан	12,71	9,73	8,44	5,85	8,29	4,80	11,64	6,36	11,35	8,54	12,73	9,26
Қырғызстан	5,24	0,06	4,28	0,06	5,61	0,07	5,36	0,09	5,56	0,05	6,28	0,07
Өзбекстан	2,68	1,60	2,23	1,27	2,01	1,61	2,75	1,47	3,94	2,32	5,03	2,18
Тәжікстан	2,47	0,05	1,80	0,05	1,72	0,03	1,32	0,05	1,43	0,08	1,59	0,08
Түркменстан	0,95	9,52	0,82	7,83	0,34	5,56	0,37	6,58	0,32	8,12	0,43	8,69

Дерек: Данные китайской таможни // <http://customs.gov.cn>

Орталық Азиядан Қытайға шығатын импорттың негізгі үлесі де Қазақстанға тиісті — 45,7 % (9,26 млрд дол.). Түркменстанның үлесі 42,8 % (8,68 млрд дол.), Өзбекстанның үлесі — 10,8 % (2,18 млрд дол.), Тәжікстанның үлесі — 0,3 % (0,08 млрд дол.), Қырғызстанның үлесі — 0,4 % (0,06 млрд дол.) құрайды. Тәжікстан мен Қырғызстанның үлестерінің аз болуы аталған мемлекеттердің территорияларында Қытайға қажетті пайдалы қазбалардың аздығына байланысты [2]. Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сыртқы сауданың тауарлық құрылымы негізінен экспортта дайын өнеркәсіп тауарларымен, импортта шикізат тауарларымен қамтылған.

Осымен бірге, қазіргі кезеңдегі ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңінің маңызы бар. 2020 ж. шілдеде Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың жаңа «С+С5» форматы құрылды. Мұндай «С+С5» форматының пайда болуы Қытайдың Орталық Азия аймағына ықпал ету үшін күреске дайын екендігін көрсетіп берді. ҚХР-ның ынтымақтастықтың «С+С5» форматын құруы бір жағынан Қытайдың аймаққа деген қызығушылығын көрсетумен анықталса, екінші жағынан Пекин мен Вашингтон арасындағы қатынастардың нашарлауы Қытайды қосымша қолдауларға итермелеумен байланысты. Осылайша, «С5+1» форматы шеңберіндегі Орталық Азиядағы американдық қызметтің белсендеуі «С+С5» диалогының пайда болуының катализаторына айналды.

«С+С5» диалогы шеңберінде ҚХР Сыртқы істер министрі Ван И. ынтымақтастықтың келесі төрт бағытын ұсынды:

- 1) денсаулық сақтау;
- 2) экономика;
- 3) қауіпсіздік;
- 4) халықаралық аренадағы іс-әрекеттерді жұмылдыру [6].

Бірінші бағыт бойынша, адамзат денсаулығының қауымдастығын құру жөніндегі Қытайдың ұсынысы коронавирусы, яғни пандемия жағдайына байланысты жаңа қажеттіліктен туындап отыр. Егер, бұрын гуманитарлық және экономикалық жобалар басым болса, қазіргі уақытта денсаулық сақтау басым болып отыр.

Екінші бағыт, экономикалық саладағы ынтымақтастықтың маңыздылығы COVID-19 пандемиясының салдарынан туындаған экономикалық тоқыраудан соң Қытайдың мемлекеттер арасындағы кедендік және тарифтік шекараларды «жою», жұмысшылар күшінің еркін айналымы мен транспорттық коридорды құрумен байланысты болды.

Қытайда Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықтың даму болашағын оң түрде бағалайды. Мысалы, 2020 ж. сәуірінде жарық көрген «Орталық Азиялық сары кітап: Орталық Азия мемлекеттерінің дамуы жөніндегі» есепте болашақта ынтымақтастықты дамытудың бірқатар факторлары атап көрсетілген. Олардың қатарында Қазақстанның ҚХР-на, Ресей мен Батыс мемлекеттеріне деген бейтарап ұстанымы, Қытайға табиғи газдың айтарлықтай көп бөлігін шығаратын Түркменстанның ынтымақтастыққа дайын екендігі, Өзбекстанмен ынтымақтастықты дамытқан жағдайда ҚХР мен Ресей арасындағы шиеленістік жағдайдың болмауы, Тәжікстандағы инвестициялық мүмкіндіктер, Қырғызстанның ЕЭО мүшелігі жөніндегі факторлар атап көрсетілген.

Бұқаралық ақпарат құралдарында Орталық Азиядағы Қытай мен Ресейдің қақтығысуы қатері жөнінде ақпараттардың бар болуына қарамастан, дегенмен, таяу болашақта бұл қақтығыстың мүмкін еместігін атап көрсетуге болады, себебі, Мәскеу мен Пекин бір-бірінің мүдделерін жанамайды, осымен бірге аймақтағы Қытайдың стратегиясы Ресеймен ынтымақтастық немесе бейтараптық негізінде құрылған.

Орталық Азия мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың негізгі кедергісі — ҚХР мен АҚШ арасындағы қайшылықтардың эскалациясы және Орта Азия мемлекеттеріндегі антиқытайлық фактордың орын алуы болуы мүмкін.

2025 жылға дейінгі Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықтың американдық стратегиясы инвестиция саласындағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік саласындағы өзара байланыстарды қамтиды және мұның өзі Пекин мен Вашингтон жобалары арасындағы бәсекелестікті көрсетеді, мұндай параллелді бірлестіктердің бәсекелестігі акторлардың қарама-қайшылығында айтарлықтай рөл атқаруы мүмкін.

Қорытынды

Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен сауда-экономикалық ынтымақтастығының даму динамикасын ескере отырып, Қытайдың Орталық Азия аймағындағы ықпалы тек қана өседі деген

тұжырым шығаруға болады. ҚХР-ның Орталық Азиядағы саясаты бәрінен бұрын экономикалық қызығушылықтарды, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және аймақтың транзиттік қуатын пайдалануды көздейді. Коронавирус пандемиясының аяқталуынан соң Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалы саяси және экономикалық салаларда өсуі мүмкін. Әлемдік экономиканың құлдырауы жағдайында Қытай ірі инвестицияларды салуға қабілеті аз мемлекеттердің бірі болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыроежкин К.Л. Проект «Экономический пояс Шёлкового пути» в сложном пространстве Центральной Азии / К.Л. Сыроежкин // Контурные глобальных трансформаций. — 2016. — № 6. — С. 104–121.
- 2 Суходолов Я.А. Торгово-экономическое сотрудничество Китая со странами Центральной Азии [Электронный ресурс] / Я.А. Суходолов. — Режим доступа: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=43119620>
- 3 Строительство магистрального газопровода «Казахстан – Китай» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://agp.com.kz/?page_id=1313.
- 4 Что значит Китай для Казахстана? Цифры и факты [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://forbes.kz/process/expertise/chto_znachit_kitay_dlya_kazahstana
- 5 Глинкина С.П. Китайская стратегия освоения постсоветского пространства и судьба Евразийского союза / С.П. Глинкина, М.О. Тураева, А.А. Яковлев. — М.: Ин-т экономики РАН, 2016. — 59 с.
- 6 Эхо коронакризиса: Китай наращивает экономическое влияние в Центральной Азии [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://stanradar.com/news/full/40904>

Г.М. Смагулова, Н.А. Оразалиев

Центральная Азия и Китай: экономическое сотрудничество в условиях глобализации

Центрально-Азиатский регион представляет большой интерес для КНР из-за своего геополитического положения, значительных запасов природных ресурсов и является перспективным рынком сбыта для китайских товаров. На современном этапе развитие торгово-экономических отношений между странами Центральной Азии и Китая имеет положительную динамику, и КНР является одним из основных партнеров данного региона по широкому спектру направлений взаимодействия. В статье рассмотрены основные направления взаимодействия Китая со странами Центральной Азии в сфере международной торговли и прямых иностранных инвестиций. Авторами приведены данные, проанализированы динамика и особенности торгового и инвестиционного сотрудничества Китая и стран Центральной Азии. Кроме того, уделено внимание перспективам китайской инициативы Экономического пояса Шелкового пути с точки зрения национальных интересов государств Центрально-Азиатского региона.

Ключевые слова: КНР, Центральная Азия, экономическое сотрудничество, глобализация, внешняя политика, новый формат сотрудничества «С+С5», инициатива «Один пояс — Один путь», интеграция, энергетическая безопасность.

G. Smagulova, N. Orazaliyev

Central Asia and China: economic cooperation in the context of globalization

The Central Asian region is of great interest to the China due to its geopolitical position, significant reserves of natural resources, and this region is a promising market for Chinese goods. At the present stage, the development of trade and economic relations between the countries of Central Asia and China has a positive dynamics and the China is one of the main partners of this region in a wide range of areas of interaction. The article examines the main directions of China's interaction with the countries of Central Asia in the field of international trade and foreign direct investment. In this work, the authors provide data, analyzed the dynamics and features of trade and investment cooperation between China and the countries of Central Asia. The authors give one's attention to prospects of the Chinese initiative of the Silk Road Economic Belt from the point of view of the national interests of the states of the Central Asian region.

Key words: China, Central Asia, economic cooperation, globalization, foreign policy, a new format of cooperation «C + C5», the initiative «One Belt — One Road», integration, energy security.

References

- 1 Syroezhkin, K.L. (2016). Proekt «Ekonomicheskii poias Shelkovoho puti» v slozhnom prostranstve Tsentralnoi Azii [Silk Road Economic Belt Project in the Complex Space of Central Asia]. *Kontury globalnykh transformatsii — Outlines of global transformations*, 6, 104–121 [in Russian].
- 2 Suhodolov, Ya.A. Torhovo-ekonomicheskoe sotrudnichestvo Kitaia so stranami Tsentralnoi Azii [Trade and economic cooperation between China and Central Asian countries]. *www.elibrary.ru* Retrieved from <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=43119620> [in Russian].
- 3 Stroitelstvo mahistralnoho hazoprovoda «Kazakhstan – Kitai» [Construction of the main gas pipeline «Kazakhstan – China»]. *agp.com.kz* Retrieved from http://agp.com.kz/?page_id=1313 [in Russian].
- 4 Chto znachit Kitai dlia Kazakhstana? Tsifry i fakty [What does China mean for Kazakhstan? Figures and facts]. *forbes.kz* Retrieved from https://forbes.kz/process/expertise/chto_znachit_kitay_dlya_kazahstana [in Russian].
- 5 Glinkina, S.P., Turaeva, M.O., & Yakovlev, A.A. (2016). *Kitaiskaia stratehiia osvoeniia postsovetskoho prostranstva i sudba Evraziiskoho soiuza [Chinese strategy for the development of the post-Soviet space and the fate of the Eurasian Union]*. Moscow: Institute of economy RAS [in Russian].
- 6 Ekho koronakrizisa: Kitai narashchivaet ekonomicheskoe vliianie v Tsentralnoi Azii [Echoes of Corona Crisis: China Increases Economic Power in Central Asia]. *stanradar.com* Retrieved from <https://stanradar.com/news/full/40904> [in Russian].